

## **Қарағанды облысы Саран қаласы үшін коммуналдық қалдықтарды басқарудың 2024-2028 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы**

Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 2024 жылғы 28 наурыздағы № 110 шешімі

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 365-бабы 3-тармағының 1-тармақшасының, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының негізінде Саран қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қарағанды облысы Саран қаласы үшін коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі 2024-2028 жылдарға арналған бағдарлама осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат төрағасы*

*О. Баймаганбетов*

Саран қалалық мәслихатының

2024 жылғы 28 наурыздағы

№ 110 шешіміне

қосымша

## **2024-2028 жж арналған ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ САРАН ҚАЛАСЫНЫҢ КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРЫН БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ БАҒДАРЛАМАСЫ**

-2024-

**МАЗМҰНЫ.**

|                                                                                                                                                                                                                                                   |    |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| МАЗМҰНЫ.....                                                                                                                                                                                                                                      | 2  |
| КІРІСПЕ .....                                                                                                                                                                                                                                     | 3  |
| Аймақтың негізгі сипаттамалары .....                                                                                                                                                                                                              | 3  |
| Жоспарлы кезеңге арналған коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеу қажеттілігінің негіздемесі.....                                                                                                                                   | 4  |
| Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі іс-шаралар құрылған ұлттық стратегиялық, бағдарламалық құжаттар, аумақты дамыту жоспарлары және т.б. ....                                                                                               | 4  |
| 1. САРАН Қ.А. КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ.....                                                                                                                                                                    | 5  |
| 1.1 Өңірдегі коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы жай-күйін бағалау.....                                                                                                                                                                   | 5  |
| Коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы инфрақұрылымның жай-күйі бойынша жалпы мәліметтер (бөлек жинау, қалдықтарды тасымалдау жөніндегі мамандандырылған техника, сұрыптау, қайта өңдеу жөніндегі қуаттар, ҚТҚ полигондары және т. б.) ..... | 5  |
| ҚТҚ полигондары туралы мәліметтер .....                                                                                                                                                                                                           | 8  |
| Коммуналдық қалдықтардың морфологиялық құрамы .....                                                                                                                                                                                               | 8  |
| 1.2 Соңғы 3 жылдағы динамикадағы коммуналдық қалдықтарды басқаруды талдау.....                                                                                                                                                                    | 9  |
| 1.3 Коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуы бойынша бар нормативтік базасы.....                                                                                                                                                           | 10 |
| 1.4 Соңғы үш жылдағы динамикада бөлінген қаражатты (жергілікті және республикалық бюджеттер, бюджеттен тыс) сипаттау және талдау.....                                                                                                             | 11 |
| 2. МАҚСАТТАР, МІНДЕТТЕР ЖӘНЕ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕР .....                                                                                                                                                                                          | 13 |
| 2.1 Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері .....                                                                                                                                                                                                 | 13 |
| 2.2 Қойылған мақсаттар мен міндеттерге неғұрлым тиімді және экономикалық негізделген әдістермен қол жеткізу жолдары.....                                                                                                                          | 13 |
| 2.3 Бағдарламаның нысаналы көрсеткіштері .....                                                                                                                                                                                                    | 14 |
| 3. ҚОЙЫЛҒАН МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ, ЖОЛДАРЫ .....                                                                                                                                                             | 17 |
| 4. ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАР .....                                                                                                                                                                                                                        | 19 |
| 5. БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ.....                                                                                                                                                                                      | 20 |
| 1-ҚОСЫМША .....                                                                                                                                                                                                                                   | 24 |

## КІРІСПЕ

2024-2028 жылдарға арналған Саран қ. коммуналдық қалдықтарын басқару жөніндегі бағдарламасы "Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаны әзірлеу жөніндегі жергілікті атқарушы органдарға әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 18.05.2023 ж. №154 бұйрығы негізінде әзірленді.

Бағдарлама Экологиялық кодекске сәйкес, атап айтқанда Кодекстің 329-бабында белгіленген иерархия қағидатына сәйкес әзірленеді.

Бағдарламада Саран қ. пайда болатын коммуналдық қалдықтардың, коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі қолданыстағы инфрақұрылымның көлемі мен

құрамы, жіктелуі, жинақтау, жинау, тасымалдау, сұрыптау, залалсыздандыру, қалпына келтіру және жою тәсілдері туралы мәліметтерді қоса алғанда, сипатталуы (сипаттамасы) ұсынылады.

Аймақтың негізгі сипаттамалары.

Саран - Қазақстан Республикасының Қарағанды облысындағы облыс орталығына әкімшілік бағынысты қала. Қарағандыдан оңтүстік-батысқа қарай 25 км жерде орналасқан. Қазіргі уақытта қала аумағы 174 км<sup>2</sup> құрайды.

Ақтас - Саран қаласының қалалық әкімшілігіне қарасты. Ақтас кенттік әкімшілігінің әкімшілік орталығы және жалғыз елді мекені. Кент Қарағанды қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 18 км жерде орналасқан.

Қаланың жетекші өнеркәсіптік кәсіпорындары:

"Саран" және Күзембаев атындағы шахталар;

РТИ зауытының негізінде құрылған Eurasian Industrial Chemicals Group холдингі ("Технология" ғылыми-өндірістік фирмасы" ЖШС," Қарағандарезинкетехника" ЖШС және "Саранрезинкетехника" ЖШС);

"Казцентрэлектропровод" ЖШС;

"Saburkhan Technologies" ЖШС (бұрынғы Сабурхан байыту фабрикасы);

"Саран" СЭС;

Автобустар, электробустар және арнайы техника өндіретін "QazTehna" зауыты.

Ақтас кентінде ОБФ байыту фабрикасы, шиналарды жөндеу зауыты, ірі автоколонна орналасқан. № 121 "Ақтас" және № 122 "Күзембаев ат." шахтасы жұмыс істейді.

Халық санының динамикасы Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша қабылданды. 2023 жылдың қыркүйегінде Саран қалалық әкімшілігінің халқы 43 820 адамды құрады. Оның ішінде қала халқы - 43 820 адам, ауыл халқы - 0 адам.

2019-2023 жылдар кезеңінде Саран қалалық әкімшілігіндегі халықтың орташа жылдық саны 1-кестеде келтірілген.

1-кесте. 2019-2023 жылдар кезеңінде Саран қ.ә. халықтың орташа жылдық саны.

| Саран қ.ә. халық саны. | 2019   | 2020   | 2021   | 2022   | 2023   |
|------------------------|--------|--------|--------|--------|--------|
| адам                   |        |        |        |        |        |
| Қалалық                | 52 009 | 51 925 | 51 711 | 43 855 | 43 820 |
| Ауылдық                | 0      | 0      | 0      | 0      | 0      |

Осылайша, Саран қаласында 2021 жылдан бастап халықтың азаюы байқалады, ол 2023 жылы (қаңтардан қыркүйекке дейін) - 0,03% құрады.

Саран қаласының тұрғын үй қоры 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 4 767 тұрғын үйді құрайды, оның ішінде ауданы 888,5 мың шаршы метр 529 көппәтерлі тұрғын үй, оның ішінде: 300 – Саран, 122 – Ақтас кенті, 107 – РТИ кенті.

Жоспарлы кезеңге арналған коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеу қажеттілігінің негіздемесі.

Бағдарламаны әзірлеу қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, тасымалдау, кәдеге жарату, қайта өңдеу және көму жөніндегі қызметтер кешенінің тиімділігін, сенімділігін, экологиялық және әлеуметтік қолайлылығын арттыру, ҚТҚ қайта өңдеу үлесін ұлғайту, сондай-ақ қалдықтарды қауіпсіз көмуді қамтамасыз ету үшін қажет.

Бағдарлама "Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаны әзірлеу бойынша жергілікті атқарушы органдарға әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 18 мамырдағы № 154-ө бұйрығына сәйкес жоспарлы кезеңге кемінде 5 жыл мерзімге әзірленеді.

Бағдарлама келесі нормативтік құжаттар негізінде әзірленді:

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі - 02.01.2021 ж. № 400-VI 05.09.2023 ж. өзгерістер мен толықтырулармен

Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 508 бұйрығы.

Техникалық, экономикалық және экологиялық орындылығын ескере отырып, міндетті түрде бөлек жинауға жататын қалдықтарды бөлек жинауға, оның ішінде қалдықтардың түрлеріне немесе топтарына (түрлерінің жиынтығына) қойылатын талаптарды бекіту туралы - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 2 желтоқсандағы № 482 бұйрығы.

"Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығы.

Және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын басқа да нормативтік құжаттар.

Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі іс-шаралар құрылған ұлттық стратегиялық, бағдарламалық құжаттар, аумақты дамыту жоспарлары және т.б.

Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі іс шаралар келесі Ұлттық стратегиялар мен даму жоспарларында қаралады:

"Көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу стратегиясы" - Қазақстан Республикасы Президентінің 2.02.2023 ж. Жарлығы.

"Қалдықтарды басқару" бөлімі:

3.3.1.4-бөлімі Қалдықтарды басқару

1) қалдықтардың түзілу көлемін қысқарту;

2) ҚТҚ жинау және сұрыптаумен толық қамтуды жеделдетіп енгізу;

3) қайта өңделетін және қордалатын қалдықтардың үлесін ұлғайту.

## **1. САРАН Қ.А. КОММУНАЛДЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУДЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ**

1.1 Өңірдегі коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы жай-күйін бағалау. Коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы инфрақұрылымның жай-күйі бойынша жалпы мәліметтер (бөлек жинау, қалдықтарды тасымалдау жөніндегі мамандандырылған техника, сұрыптау, қайта өңдеу жөніндегі қуаттар, ҚТҚ полигондары және т. б.)

Халықаралық тәжірибеде ҚТҚ жалпы құрамына кіретін, бірақ қайта өңдеу және/немесе көму тәсілімен ерекшеленетін үш "қалдықтар ағынына" сәйкес келетін үш бөлікке жіктеледі.

1. Коммуналдық қалдықтар.

2. Қауіпті ҚТҚ - адам өмірінің нәтижесінде пайда болатын тұтыну қалдықтары, сондай-ақ құрамы мен қасиеттері бойынша қауіпті қалдықтарға жатқызылуы мүмкін түзілу сипаты ұқсас өндіріс қалдықтары. Оларға келесі қалдықтар жатады:

- пайдаланылған батареялар мен аккумуляторлар;
- пайдаланылған электр және электрондық жабдық;
- құрамында сынап бар қалдықтар (люминесцентті шамдар мен термометрлер);
- медициналық және ветеринариялық қалдықтар;
- тұрмыстық химия қалдықтары;
- құрамында асбест бар қалдықтар;
- адам өмірінің нәтижесінде пайда болатын басқа да қауіпті қалдықтар.

3. Басқа ҚТҚ - қауіпті емес және сонымен бірге аралас қалдықтарға жатқызуға болмайтын қалдықтар, өйткені оларды жинау, шығару және кәдеге жарату үшін бірінші ағынға қарағанда басқа тәсілдерді қолдану қажет. "Басқа ҚТҚ" келесі қалдықтарды қамтиды:

- құрылыс қалдықтары;
- ірі көлемді қалдықтар;
- кәдеге жаратуға жататын автомобильдер;
- пайдаланылған автомобиль шиналары;
- ағынды суларды қайта өңдеуден шыққан қалдықтар.

Саран қалалық әкімшілігінде коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы жағдайы бойынша мәліметтер Ұлттық статистика бюросының сайтынан <https://stat.gov.kz/ru> / "Талдау" Ұлттық статистика бюросының ақпараттық талдау жүйесінен <https://tal dau.stat.gov.kz/ru>, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі (Қарағанды облысының экология департаменті) ұсынған деректерден, жергілікті атқарушы органдардың деректері мен басқа да көздерден алынды.

2022 жылы Саранда коммуналдық қалдықтарды жинау және шығару бойынша кәсіпорындар мен ұйымдардың саны - 4 бірлік. Оның ішінде жеке компаниялар – 4, барлығы шағын бизнес субъектілері, олардың үшеуі – жеке кәсіпкерлер.

2023 жылдың соңында Саран қаласында коммуналдық қалдықтарды Саран аумағынан шығаруды жүзеге асыратын 2 кәсіпорын (жеке кәсіпкерлер) қызметін жүзеге асырады.

2018 жылдан бастап Саран бойынша жиналған және тасымалданған коммуналдық қалдықтардың көлемі 1.1-кестеде келтірілген. Көлемі алып кететін кәсіпорындардың қалдықтарын ескере отырып ұсынылған.

1.1-кесте. 2018 жылдан 2023 жылға дейін Саран қ.э. бойынша жиналған және тасымалданған коммуналдық қалдықтардың көлемі.

| Саран қ.э.                          | 2018   | 2019   | 2020   | 2021   | 2022   | 2023   |
|-------------------------------------|--------|--------|--------|--------|--------|--------|
| Тонна                               |        |        |        |        |        |        |
| Жиналған коммуналдық қалдықтар      | 12 919 | 14 023 | 12 340 | 23 483 | 10 804 | 19 605 |
| Тасымалданған коммуналдық қалдықтар | 12 919 | 14 023 | 12 340 | 23 483 | 10 804 | 19 605 |

1.2-кесте. Қоқыс шығаратын компаниялар қызмет көрсететін халық.

| Параметр                                           | 2018  | 2019  | 2020  | 2021  |
|----------------------------------------------------|-------|-------|-------|-------|
| Саран қ.э. халық саны                              | 52029 | 52009 | 51925 | 51711 |
| Қоқыс шығаратын ұйым үнемі қызмет көрсететін халық | 2351  | -     | -     | 7842  |
| % қамту                                            | 4,52  | -     | -     | 15,17 |

\* 2022 жылдан бастап статистика бюросында қоқыс шығаратын ұйымдар тұрақты қызмет көрсететін халық бойынша мәліметтер жоқ.

Қала аумағынан коммуналдық қалдықтарды шығаруды жүзеге асыратын кәсіпорындар:

ЖК Леликов:


Әкету 5 тоқсаннан бастап жүзеге асырылады. Әкету жиілігі - аптасына 4 рет немесе өтінімдер бойынша (жеке сектордан). Кәсіпорын оларға 119 контейнер орнатылған 29 контейнерлік алаңға қызмет көрсетеді. Абоненттер саны - 2100 адам. Техника саны - 1 қоқыс тасушы, 1 самосвал және 1 тиегіш. Қалдықтарды шығару "Сарантеплосервис" ЖШС полигонына жүзеге асырылады.

ЖК Мышлицкий Андрей Владимирович:

Әкету 1А шағын ауданынан, Горняк шағын ауданынан жүзеге асырылады. Әкету жиілігі - аптасына 4 рет немесе өтінімдер бойынша (жеке сектордан). Кәсіпорын оларға

152 контейнер орнатылған 38 контейнерлік алаңға қызмет көрсетеді. Абоненттер саны - 3500 адам. Техника саны - 3 қоқыс тасушы, 1 грейфер. Қалдықтарды шығару "Сарантеплосервис" ЖШС полигонына жүзеге асырылады.


Саран қаласында "Вторичное Сырье Караганда" ЖШС қайталама шикізатты қабылдау пункті және қоқысты бөлек жинауға арналған 3 контейнер орналасқан (1.1-сурет).




1.1-сурет. Қайта өңдеуге арналған контейнерлерді карта-схемада орналастыру.

Саран қаласы мен Ақтас кентінде қауіпті қалдықтарды (құрамында сынабы бар шамдар мен батареялар) жинауға арналған 21 контейнер орнатылды. Контейнерлер әкімдіктің балансында, қызмет көрсетуді "Қалдықтарды басқару жөніндегі қазақстандық оператор" ЖШС жүргізеді. Контейнерлерді әкету мен жөндеуді бригада айына 1 рет жүргізеді.

1.1-сурет және 1.3 суретте Саран қаласы мен Ақтас кентінің схемасында қоқыс жинауға арналған контейнерлерді орналастыру көрсетілген.



1.2-сурет. Саран қаласының схемасында қоқыс контейнерлерінің орналасуы.



1.2-сурет. Ақтас кентінің схемасында қоқыс контейнерлерінің орналасуы.

Саран қаласында 2022 жылы бөлек жиналған қалдықтардың саны мен түрлері 1.3-кестеде келтірілген.

1.3-кесте. Түрлер бойынша Саран қ.э. бойынша жиналған және тасымалданған коммуналдық қалдықтардың жалпы көлемі.

| р/к № | Компоненттің (фракцияның) атауы           | 2022, тонна     |
|-------|-------------------------------------------|-----------------|
| 1     | Жиналған қалдықтардың жалпы көлемі        | 10 804          |
|       | Оның ішінде коммуналдық                   | 5 460           |
| 2     | Тамақ қалдықтары                          | Сұрыпталған жоқ |
| 3     | Макулатура, картон, қағаз қалдықтары      | х               |
| 4     | Қираған әйнек                             | Сұрыпталған жоқ |
| 5     | Пластмасса, пластик қалдықтары және т. б. | х               |
| 6     | Электрондық және электр жабдықтары        | Сұрыпталған жоқ |
| 7     | металдар                                  | Сұрыпталған жоқ |
| 8     | Шиналар                                   | Сұрыпталған жоқ |
| 9     | Киім, тоқыма                              | Сұрыпталған жоқ |

|    |                              |                 |
|----|------------------------------|-----------------|
| 10 | көшелерді тазалау қалдықтары | Сұрыпталған жоқ |
| 11 | Нарық қалдықтары             | Сұрыпталған жоқ |
| 12 | Басқа аралас қалдықтар       | 4 899           |

ҚТҚ полигондары туралы мәліметтер.

Саран қаласында экологиялық әсер етуге рұқсаты бар 1 ҚТҚ полигоны жұмыс істейді.

"Сарантеплосервис" ЖШС:

Орналасқан жері - 101200, Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Саран қ.ә., Саран қ., Жамбыл к-сі, №67 ғимарат.

Рұқсат беру құжаттары - шығарындылар 13.08.2021 ж. № KZ27VCZ01277395; 13.08.2021 ж. № KZ49VCZ01277193 қалдықтарды орналастыру Әсер етуге экологиялық рұқсаттың қолданылу мерзімі 31.12.2030 ж. дейін.

Полигонның жобалық қуаты 2101,2 мың тоннаны құрайды. 2023 жылдың басында жинақталған қалдықтардың көлемі 371,67 мың тоннаны құрайды

Полигондарда қалдықтарды орналастыру бойынша жалпы сипаттамалар 1.4-кестеде келтірілген.

1.4-кесте. Саран ҚТҚ полигондары туралы мәліметтер.

| р/к № | Параметр                                                    | 2018   | 2019   | 2020  | 2021   | 2022  |
|-------|-------------------------------------------------------------|--------|--------|-------|--------|-------|
| 1     | Полигон алаңы (қалдықтарды көму орындары), км 2             | 0,02   | 0,02   | 0,02  | 0,04   | 0,04  |
| 2     | Кәдеге жаратылған және сақталған қалдықтардың көлемі, тонна | 11 766 | 12 404 | 8 761 | 16 682 | 5 344 |

Саран қаласы бойынша иесіз үйінділерді жою жұмыстары жүргізілуде. 2023 жылы таратуды "Китпромтранс" ЖШС мердігерлік ұйымы жүргізді. 5-квартал, 106 кенті, Жоспарлы және СМЗ (өзі салу) аудандарында және №151, 152, 153 ш/а үйлерінің жанында рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерін жою бойынша жұмыстар жүргізілді. 3. Барлығы 2580 тонна қоқыс шығарылды.

Сондай-ақ, 2023 жылдың қыркүйегінде кент аудандарында рұқсат етілмеген қоқыстарды жою жұмыстары басталды. РТИ, 3 және 2 ш/а.

Коммуналдық қалдықтардың морфологиялық құрамы

Қала тұрғындары үшін коммуналдық қалдықтардың морфологиялық құрамы 1.5-кестеде келтірілген.

1.5-кесте. ҚТҚ морфологиялық құрамы.

|  |  |  |
|--|--|--|
|  |  |  |
|--|--|--|

| р/к № | Фракция атауы                                                                                    | жалпы көлемдегі мөлшердің % |
|-------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------|
| 1     | Тамақ қалдықтары                                                                                 | 34                          |
| 2     | Әр түрлі құрамдағы пластик                                                                       | 27                          |
| 3     | Қағаз, картон және қағаз өнімдері                                                                | 23                          |
| 4     | Шыны                                                                                             | 8                           |
| 5     | Металл                                                                                           | 3                           |
| 6     | Тоқыма                                                                                           | 3                           |
| 7     | Ағаш және өсімдік қалдықтары                                                                     | 1,9                         |
| 8     | Басқа қалдықтар (медициналық, батареялар мен шамдар, тұрмыстық техниканың қалдықтары және т. б.) | 0,1                         |

1.2 Соңғы 3 жылдағы динамикадағы коммуналдық қалдықтарды басқаруды талдау.

Саран қаласының 1 тұрғынына коммуналдық қалдықтардың түзілу көлемі 2023 жылға қолда бар деректер бойынша күніне 1,23 кг немесе жылына 1,79 м 3 құрайды. 2022 жылы қолда бар деректерге сәйкес бұл көлем тәулігіне 0,67 кг және бір адамға жылына 0,99 м 3 құрады.

Бұл ретте, Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 189 шешімімен бекітілген, абаттандырылған секторға қалдықтардың түзілу және жинақталу нормасы 1,1 м 3, абаттандырылмаған сектор үшін 1,5 м 3 құрайды.

Саран қаласының полигонында рұқсат беру құжаттары бар, бұл ретте полигонда сұрыптау жабдығы, сондай-ақ органикалық қалдықтарды кәдеге жарату жабдығы (компостерлер немесе басқалар) жоқ. Сондай-ақ құрылыс қалдықтарын пайдалану немесе кәдеге жарату үшін ұсақтау жабдықтары жоқ.

6 контейнерлік алаңда қоқысты бөлек жинауға арналған контейнерлер орнатылған. Бөлек жинауға арналған контейнерлердің жалпы саны - 30 дана. Таңбалау әртүрлі (тіпті түс, әр түрлі фракциялар үшін өзгереді – мысалы, бір алаңда макулатура жинауға арналған контейнер қызыл, екінші алаңда – көк), бұл нормативтік құжаттарға сәйкес келмейді, қалдықтарды бөлек жинауды реттейді және халықты адастырады.

Жүргізілген сауалнамалар мен бақылауларға сәйкес Саран қаласында коммуналдық қалдықтарды шығару жиілігімен проблемалар бар. Шығару аптасына 4 рет жүзеге асырылады. Жазғы кезеңде мұндай кесте санитарлық нормаларға сәйкес келмейді, өйткені коммуналдық қалдықтар ауа температурасы 0 0 С жоғары болған кезде контейнерде 1 тәуліктен артық бола алмайды.

Қазіргі уақытта қоқыс шығаратын компаниялар 271 контейнерге қызмет көрсетеді. Қолданыстағы жиналу көлемі бойынша қала тұрғындарының қажеттіліктері үшін кемінде 307 контейнер орнату қажет (көлемі 0,7 м 3). Кем дегенде 2 фракцияға жинауды ескере отырып бұл сан екі есеге артуы керек

Бұл ретте қоқыс шығаратын компаниялар халық саны 43820 адам кезінде 5600 абонентке қызмет көрсетеді. Тұрғындар базасын жаңарту қажет.

Саран қаласында "Вторичное Сырье Караганда" ЖШС қайталама шикізатты қабылдау пункті бар. Ақтас кентінде қайталама шикізатты қабылдауды ұйымдастыру және қайталама шикізатты қабылдауға арналған контейнерлер жоқ.

Саран қаласы мен Ақтас кентінде қауіпті қалдықтарды (құрамында сынап бар және батареялар) жинауға арналған контейнерлер орнатылып, оларға мезгіл-мезгіл қызмет көрсетіледі.

Оң жақтары:

- Қалдықтардың қауіпті құрамдас бөліктерін бөлек жинау жүзеге асырылады (батареялар мен шамдарға арналған контейнерлер орнатылған);

- Коммуналдық алаңдарда тұрғындардан қоқыстарды жинау және шығару ұйымдастырылған;

- Саран қаласында 6 контейнерлік алаңда қайталама шикізатты қабылдау пункті және бөлек жинауға арналған контейнерлер бар;

- Рұқсат етілмеген полигондарды жою жүзеге асырылады;

- ҚТҚ полигонының әсер етуге экологиялық рұқсаты бар.

Теріс жақтары:

- Контейнерлік алаңдар экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес жабдықталмаған (ҚР СТ 3780-2022 сәйкес "Коммуналдық қалдықтарды бөлек жинауды ұйымдастыру үшін контейнерлерді орналастыру алаңдарына қойылатын жалпы талаптар");

- "Құрғақ" / "дымқыл" фракциялары бойынша бөлек жинау қарастырылмаған;

- Ірі габаритті, құрылыс қалдықтарын, күл қожын және көшелерді жинау және абаттандыру қалдықтарын жинаудың жолға қойылған жүйесі жоқ;

- Қайталама шикізатты қабылдау пункттерінің саны жеткіліксіз;

- Құрылыс қалдықтарын қайта пайдалануға дайындау үшін қажетті жабдық жоқ және сәйкесінше құрылыс қалдықтарын пайдалану шешімдері жоқ;

- Азық-түлік және басқа органикалық қалдықтарды пайдалану немесе кәдеге жарату (сақтаудан басқа) шешімі жоқ;

- Қолданыстағы экспорттық кестелер қажеттілікті қамтамасыз етпейді;

- Коммуналдық қалдықтарды уақтылы әкетуге арналған техниканың болмауы, коммуналдық қалдықтардың әртүрлі фракцияларын әкетуге арналған арнайы техниканың болмауы;

- Қолданыстағы халық саны үшін контейнерлік алаңдар мен контейнерлер жеткіліксіз;

- ҚТҚ полигоны сұрыптау желілерімен жабдықталмаған және қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келмейді.

1.3 Коммуналдық қалдықтардың түзілуі мен жинақталуы бойынша бар нормативтік базасы.

Жергілікті мәслихаттардың қалдықтардың пайда болу көлемі және оларды әкетуге арналған тарифтерді бекіту жөніндегі қолданыстағы шешімдері:

- Саран қаласы мен Ақтас кенті бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы - Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 189 шешімі.

- Саран қаласы мен Ақтас кенті бойынша қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге халық үшін тарифтерді бекіту туралы - Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 2023 жылғы 27 маусымдағы № 38 шешімі.

Осы шешімге сәйкес Саран тұрғындары үшін, сондай-ақ мекемелер, кәсіпорындар, балалар, медициналық және басқа да мекемелер үшін қалдықтардың пайда болу нормалары қабылданды. Есептік бірліктерге (тұрғын, орын, қызметкер, бару және т.б.) сүйене отырып, текше метрде коммуналдық қалдықтардың пайда болуының жылдық нормасы қабылданды.

Коммуналдық қалдықтардың пайда болуының жылдық нормасы абаттандырылған үй иесінің 1 тұрғынына 1,1 м<sup>3</sup> және абаттандырылмаған үй иесінің 1 тұрғынына 1,5 м<sup>3</sup> құрайды.

Коммуналдық қалдықтарды шығару тарифі абаттандырылған үй иесінен 300 теңгені, абаттандырылмаған үй иесінің 1 тұрғынынан 409 теңгені құрайды. 1 м<sup>3</sup> қалдықты шығаруға жылдық тариф 3272 теңгені құрайды.

1.4 Соңғы үш жылдағы динамикада бөлінген қаражатты (жергілікті және республикалық бюджеттер, бюджеттен тыс) сипаттау және талдау.

Саран қ.ә. бойынша коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу саласын дамыту үшін жеке қаражат көзделмеген, облысты дамыту аумақты дамыту жоспарында көзделген (Саран қаласын дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған бағдарламасы). Жалпы облыс бойынша табиғатты қорғау іс-шараларының жоспарларына және Қарағанды облысының даму жоспарына сәйкес, Саран қ.ә. қатысты іс-шаралар бар.

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2022-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес - Қарағанды облыстық мәслихатының 2021.12.9. №129 шешімі. Қарағанды облысы бойынша қалдықтарды басқару бойынша мынадай іс-шаралар және 1.8-кестеге сәйкес қаржыландыру жоспарлары көзделген.

1.8-кесте. Қарағанды облысының қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарында көзделген қалдықтарды басқару жөніндегі қаржыландыру (мың теңге) жоспарлары бар іс-шаралар.

| р/к № | Іс-шараның атауы | Орындауға жауаптылар | Орындау мерзімі | 2022 | 2023 | 2024-2025 | Қаржы көзі |
|-------|------------------|----------------------|-----------------|------|------|-----------|------------|
|       |                  |                      |                 |      |      |           |            |

|         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                  |           |        |        |           |                    |
|---------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------|-----------|--------|--------|-----------|--------------------|
| 1       | Қарағанды,<br>Теміртау,<br>Балқаш,<br>Саран,<br>Шахтинск,<br>А б а й<br>қалаларынд<br>а<br>коммуналд<br>ы қ<br>қалдықтард<br>ың қауіпті<br>құрамдас<br>бөліктерін ( электронды<br>қ және<br>электр<br>жабдықтар<br>ы ,<br>құрамында<br>сынабы бар<br>қалдықтар,<br>батареялар,<br>аккумулято<br>рлар және<br>өзге де<br>қауіпті<br>компонентт<br>ер) және<br>контейнерл<br>ердің басқа<br>да түрлерін<br>жинауға<br>арналған<br>контейнерл<br>ер орнату | ЭТКШБ,<br>қ а л а<br>әкімдіктері | 2022-2024 | 32 172 | 75 000 | 102 828   | Облыстық<br>бюджет |
| БАРЛЫҒЫ |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                  |           | 32 172 | 81 800 | 4 111 393 |                    |

"Саран қаласын дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған бағдарламасына" сәйкес, қаладағы экологиялық жағдайды жақсарту шеңберінде ҚТҚ-ны қайта өңдеу үлесін ҚТҚ-ның барлық қалыптасқан көлемінің 0,6% - на дейін ұлғайту көзделуде. Ол үшін келесі жетістік жолдары ұсынылады:

Қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару секторын жаңғырту.

ҚТҚ полигонын санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкестендіру жөніндегі бағдарламаны іске асыру.

Құрамында сынабы бар бұрын қолданыста болған энергия үнемдейтін шамдармен қауіпсіз жұмыс істеуді халыққа ақпараттандыру және насихаттау.

Құрамында сынап бар шамдарды жинауға арналған контейнерлерді орнату (жыл сайын 2 контейнерден);

Жыл сайын 2,5 мың ағаш пен бұта отырғызу есебінен қаланың жасыл аймағының ауданын ұлғайту (5,52 га);

Рұқсат етілмеген полигондарды жою.

және іс-шаралар:

2021-2025 жылдары құрамында сынап бар шамдарды жинауға арналған 10 бірлік контейнер салу және оларға кейіннен қызмет көрсету.

2023 жыл - қоқыс сұрыптау кешенін салу (инвестициялар тарту).

2024-2025 жылдар – контейнерлік алаңдарды жайластыру және ҚТҚ бөлек жиналатын контейнерлерді орнату (жыл сайын 20 алаңнан және 80 контейнерден).

## **2. МАҚСАТТАР, МІНДЕТТЕР ЖӘНЕ НЫСАНАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕР**

### **2.1 Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері.**

Бұл бағдарламаның мақсаты - коммуналдық қалдықтардан пайда болатын қоршаған ортаға жүктемені азайту, қалдықтардың пайда болу мөлшерін азайту, қайталама ресурстардың өндірілуін арттыру, коммуналдық қалдықтарды пайдалану тиімділігін арттыру және полигондарда депозиттелген қалдықтардың үлесін азайту және қалдықтарды сақтау мақсатында алып қоюға ұшыраған алаңдарды қалпына келтіру тәсілдерін ұсыну.

Қалдықтарды басқару Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 19-бөлімімен регламенттеледі.

Қалдықтарды басқару саласындағы негізгі қағидалар 328-бапта сипатталған:

- иерархия принципі;
- көзге жақындық принципі;
- қалдықтарды дайындаушының жауапкершілік принципі;
- қалдықтарды өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері.

ҚР ЭК 329-бабына сәйкес иерархия қағидаты қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі мынадай шараларды білдіреді:

1. Қалдықтардың пайда болуын болдырмау;
2. Қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау;
3. Қалдықтарды қайта өңдеу;
4. Қалдықтарды кәдеге жарату;
5. Қалдықтарды жою.

Бағдарламаның мақсаттары мен қалдықтар иерархиясы қағидатына сүйене отырып, бағдарламаның келесі міндеттері ұсынылады:

Тауарларды орау санын азайту, сату жүйелерін оңтайландыру, ұтымды тұтынуды насихаттау есебінен коммуналдық қалдықтардың түзілу көлемін қысқарту;

Қалдықтарды "көзден" сұрыптау - қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы тиімділікті арттыру және экологиялық заңнамаға сәйкестігі – "құрғақ"/ "дымқыл" ;

Полигонда пайдалы компоненттерді барынша толық алу;

Қалдықтардың органикалық бөлігін биоқордалау немесе биогаз алу немесе энергетикалық кәдеге жарату үшін пайдалану;

ҚР экологиялық және эпидемиологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес коммуналдық қалдықтардың қалдық бөліктерін сақтау;

Құрылыс қалдықтарын пайдалану;

